

«Жамбыл атындағы мектеп-балабақша кешені» КММ
Қамқоршылық кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы

Өтілген күні: 05.08.2024 жыл

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, кеңес мүшелері

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну.
2. Жалпыға міндетті оқуға қамту қорының есебінен көмек беруді сұрап, өтініш берген отбасы балаларының әлеуметтік жағдайын анықтау.
3. Брокераждық комиссия жұмысын ұйымдастыру туралы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директор А.Дуйсенбиина алғашқы болып сөз сөйледі. Қамқоршылық кеңес мүшелеріне ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен таныстырды. Сонымен қатар жалпы ережелерге, қамқоршылық кеңестің өкілеттілігіне, қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібіне тоқталып өтті. Қамқоршылық кеңес төрағасы Д.Ыдырышов 2024-2025 оқу жылына арналған іс-шара жоспарымен таныстырды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагог К.Аканова сөз алып жалпыға міндетті оқуға қамту қорының есебінен көмек беруді сұрап өтініш берген отбасыларының тұрмыс-жағдайы зерттеліп, анықталғанын айтты. Отбасыларының тұрмыс-жағдайлары әкімшілік тарапынан тексеріліп, анықтама берілгені туралы айтып өтті. ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрық 10-қосымшасы «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын таныстырып өтті. 2024 жылдың 2 қыркүйек айынан бастап мектебімізде ыстық тамақ берілетінін айтып, ата-аналардан келіп түскен өтініштерді қарап, құжаттардың мемлекеттік стандартқа сай екендігіне көз жеткізіп, мемлекеттік қызметке ұсынылатын оқушыларды анықтау керектігін айтты. Құжаттардың талаптарға сай болуын қадағалау қамқоршылық кеңесіне жүктеліп отырған жауапты жұмыс екендігін ескертіп, жауапкершілікпен атқару керектігі ескертілді.



Брокераждық комиссияның жұмысы мен комиссия мүшелерінің мақсат-міндеттері және асхана жұмысының дұрыс орындалуына сәйкес төмендегі талаптар бойынша қадағаланатынын айтып өтті.

- даярланған астың сапасын;
- асхана бөлмесінің тазалығы;
- тағам мөлшері;
- тағам өнімдерінің сапасын;
- тағам өнімдерінің құжаттары;

- тәуліктік және бақылау мәзірінің болуы;
- ас мәзіріне сай тамақтың берілуі.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары бекітілсін.
2. Жалпыға міндетті оқу қорынан бөлінген қаржы шығысынан төменде көрсетілген 1-11 сыныптар арасындағы аз қамтылған отбасынан шыққан ата-аналардың өтініштері қанағаттандырылып, бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылсын. (тізім қосымша тіркелді).
3. Брокераждық комиссия тарапынан ыстық тамақтың берілуі мен асхана жұмысы қадағалансын.

Кеңес төрағасы		Д.Б.Дырышов
Хатшы		К.Аканова